

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2023 жылғы 28 желтоқсандағы
№ ДС-513

Құрметті депутаттар!

Қармақшы ауданы Дүр Оңғар ауылын газдандыруға қаражат бөлуге қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру шеңберінде басталған жобаларды жалғастыруға және аяқтауға басты назар аударылды.

Мәселен, 2024 жылға Қызылорда облысын газдандыру үшін ауыспалы 7 жобаны аяқтауға және жаңа 10 жобаны (мәлімделген 18-ден) бастауға республикалық бюджеттен 4,1 млрд теңге көзделген.

Қармақшы ауданы Дүр Оңғар ауылын газдандыру жобасын бастауға 1 млрд теңге бөлу мәселесі 2024 жылғы республикалық бюджетті нақтылау кезінде бюджеттік заңнамада белгіленген тәртіппен қарастырылатын болады.

Жалпы өңірді газдандыру мәселелері Үкіметтің және Қызылорда облысы әкімдігінің тұрақты бақылауында екенін атап өтеміз.

Ә. Смайылов

Орын. Нұртаза С.Ж.
74-50-64